

A pregnant woman is shown from the waist up, wearing a white t-shirt. She is holding a large, ripe red apple in her right hand, which is extended towards the camera. In her left hand, she holds a smaller, green apple. The background is a plain, light-colored wall. A dark brown horizontal band is overlaid across the middle of the image, containing white text.

Жүктілік кезіндегі қаназдық (анемия)



Қаназдық (анемия) – жүктілік кезінде өте жиі кездесетін ауру. Үнемі басты ауыртып, балтырды сыздатпағанымен. Болашақ ана мен болашақ сәбидің денсаулығының мықты болуына кедергі келтіреді.

Анемия байқалған кезде қан құрамындағы эритроциттерде кездесетін гемоглобин (оттегі тасымалдағыш ақуыз) мөлшерінің кеміп кетуі орын алады. Гемоглобинмен бірге эритроциттерде кеміп кетуі мүмкін. Бұл кесел жылдың қыс және көктем мезгілдерінде, азық –түліктерде дәрумен азайып кеткенде жиі кездеседі. Жүкті әйелдердегі анемия жүктіліктің екінші жартысында қатты байқалады. Басқа адамдарға қарағанда жүкті әйелдерде қаназдық ауруы өте жиі кездеседі.оның себебі жүктілік кезінде әйел ағзасындағы болатын өзгерістерге, дәлірек, қажетті минералдар мен дәрумендерге деген сұраныстың артуына байланысты.



Гемоглабиннің құрамында ағзаға қажетті темір элементі (темір ионы) болады. Темір ионы қанның құрамындағы гемоглабиннің негізгі құраушысы болып табылады. Ол оттегі тасымалдауға қатысады. Егер темір ионы аз болса, гемоглобин де аз болады. Гемоглобин аз болса, денеде таралатын қанның құрамында оттегі аз болады. Оттегінің аз болуы ағзаны жаймен өлтіре бастайды. Өле бастаған ағза ауруға бейім тұрады. Иммунитеттің мықты болмайтындығы да сондықтан.



Дені сау әйелдердің жүктілік кезінде анемияға шалдығуында мынадай физикалық емес жағдайлар себеп болады:

**азық –түлік құрамындағы темірдің ішектерде дұрыс сіңірілмеуі;*

**асқазан-ішек жолдарынан қан кету;*

**Баланың жодасының жатырдың төменгі жағында орналасуы;*

**жатырда екі немесе оданда көп сәбилер болса;*

**созылмалы аурулар,*

Жіі кездесетін анемия

Ол - темір тапшылығынан болатын анемия. Мұндай жағдайда қанның құрамындағы гемоглабиннің құрамдас бөлігі болып табылатын темір элементінің тапшылығы қаназдықтың басты себебі болады. Қаназдық ауруларының 90% бөлігін темір тапшылығы анемиясы құрайды.



Жүктіліктің кезіндегі қаназдықтың зардаптары.

Әйел үшін

Қаны аз болашық аналарда жүктіліктің барысында көптеген қиындықтар болады. Мыс, қаназдыққа шалдыққан жүкті әйелдерде **токсикоз** 1,5 есе жиі кездеседі. Қаназдыққа шалдыққан әйелдер арасында гестоздың пайда болу жиілігі 40 пайызды құраса, түсік тастау жағдайының кездесу жиілігі 15-42 пайызды құрайды екен. босану кезіндегі түрлі асқынуларға қаназдық себеп болады.

Сәби үшін

Қаназдыққа шалдыққан әйелден туған бала өмірге келгенінде алғашқы жылдарында қаназдық ауруына жиі тап болады. Одан бөлек түрлі ауруларды жұқтыруға бейім келеді, атап айтсақ, тыныс жолдарының өткір вирустық ауруы көп кездеседі. Сондай-ақ эгтероколит, пневмония және түрлі аллергиялық кеселдердің пайда болу ықтималдығы артады.

A microscopic view of red blood cells, showing their characteristic biconcave disc shape. The cells are densely packed and appear in shades of red and orange against a dark background.

Қаназдық ауруының деңгейлері:

- Жеңіл түрдегі қаназдық-гемоглобиннің мөлшері 90-110 г/л
- Орташа түрдегі қаназдық-гемоглобиннің мөлшері 80-89 г/л
- Ауыр түрдегі қаназдық-гемоглобиннің мөлшері 80 г/л

Жүкті әйелдегі анемияны қалай жоюға болады

Егер жүктілікке дейін қандағы гемоглобиннің мөлшері 120г/л-ге жетпесе, көбірет бала туған әйел болса, бұрын қаназдық ауруымен ауырса, ішкі ағзаларында созылмалы аурулар болса, қаназдық ауруының жүктілік кезінде пайда болуы әден мүмкін. қаны аз жүкті әйелге дәрігерлер темір препараттарын қабылдауға кеңес береді. Оны жүктіліктің 15 аптасынан бастап 4-6 ай уақыт бойына қабылдау керек.

Препараттарды қабылдау арқылы емделу ұзақ уақыт алатын емделу әдісі болып табылады.